

| Республикалық қоғамдық-саяси газет | www.aikyn.kz | Газет 2004 жылдың 6 наурызынан шыға бастады |

Кенжеғали САҒАДИЕВ, Мәжілістің қаржы және бюджет комитетінің төрағасы:

# Парламенттің құзырет-қарымының өсуі – халық билігінің күшеюі!

– Кенжеғали Әбенұлы, елімізде жүзеге асып жатқан конституциялық реформа тек өз арамызда ғана емес, сырт елдерде де қызу талқыланып жатыр. Көрші Ресейде қазақстандық бұл қадам «жоғарыдан жасалған революция» деген атау алды. Сіз осындай бағамен келісесіз бе?

– Мен «жоғарыдан» дегенмен де, «революция» дегенмен де келісе алмаймын. Бұл жоғарыдан әрі тосыннан түсірілген шешім емес. Конституциялық өзгерістерді біз көп жылдан бері ел болып, жұрт болып, жан-жақты талқыладық. Мұнда ешқандай асығып, аптығу жоқ. Әбден толғағы жеткен, уақыты толған шара. Ол түпкілікті де терең ойластырылды. Біз соған көзіміз жетіп, көңіліміз тойғаннан кейін барып, Елбасының ұсынысын жақтап, дауыс бердік.

Мен сізге айтайын, осы қадам арқылы Қазақ елі өзінің ақыл-санасы кемел, білімі өскелең ел екендігін әрі кемел болмысымен кемелгерлік бникке көтерілгендігін әлемге паш етті. Біз қазір көп жерлерде конституциялық құрылымның өзгеруі айқай-шүмен, дүрбеленмен өтіп жатқанына куә болып жүрміз. Жаңа заманның мінезін түсініп, құлқын тани алмай отырған елдер бар. Жақсыны – жаманнан, ақты – қарадан, адалды – аладан айырып, дер кезінде ажырата танып, әрқайсысын тиісті тұрғыдан бағаламайынша, алаңсыз алға басу туралы мұрат опа бермейді. Біз осыны ұғына білдік. Еліміз саяси парасаттылық танытты. Білесіз бе, билік бөлісі, ауқымды құзыреттердік біреуден біреуге көшуі дегеннің көптеген қиыншылығы бар. Осы орайда, дағдарысқа мандай соқпай, бұл өткелден қалай аман өтуге болатындығы жөнінде Қазақстан өз-

Ал заң шығарушы билікте басымдық алған партия енді Үкімет басшысының кандидатурасын ұсынады. Бұл жағдайда әлгі партия Үкімет басшысының өзінің бағдарламасын орындайтын адам болуын қарастырады. Өз кезегінде Үкімет басшысының да жеңген партияның өкілі ретінде жауапкершілігі артады. Міне, Парламент пен Үкіметтің арасында осындай тығыз байланыс орнамақ. Тғынше Үкіметтің бүкіл құрамының да жауапкершілігі күшейеді. Егер өз ісіне жүрдім-бардым қарап, заман талабына жауап бере алмаған кездейсоқ жан басшылыққа келіп қалар болса, оны кез келген сәтте кері шақыртып алуға мүмкіншілік мол.

– Өзінің жаңа тарихында Парламент өзіне Конституциямен берілген осынау қуатты тетікті бір рет те іске қоспапты. Сіздің ойыңызша, осы құзыр-қаруды алда сынап көретін, қызметіне лайықсыз министр бар ма?

– Бұл Үкіметтің жасақталғанына көп уақыт өткен жоқ, тың шараларға, құрылымдық жанаруларға күні кеше ғана кірісті. Өздері тізгінін қолға алған салалардың қыр-сырына енді қанығып жатыр. Егер қоғамға шын жанымыз ашыса, іс басына жаңа келген ол жігіттерге жұмыс істеуге мүмкіндік беру керек. Жыл өтсін. Егер сыннан қорытынды шықпаса, расында, шындап сұрауға болады. Біз оларға бұны ашық айтамыз...

– Жергілікті өзін-өзі басқарудың жылдарға созылған жыры қалай аяқталды, өзі? Бұған дейін ұлттығы бар, мемлекеттігі бар, демократияландыру бойынша жұмыс жүргізген комиссиялар ауылдық-аудан-

– Білуімше, сіз басқаратын Қаржы және бюджет комитетіне Есеп комитетінің былтырғы бюджетті Үкіметтің қалай жұмсағандығы жөніндегі есебі қелін түсіпті. Ол қатаң сынға құрылған деп естідік...

– Расында, қазір алдымызда Есеп комитетінің «2006 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі» жатыр. Осыны біз бүгіннен бастап жақсылап қарап, талқыға салып, қорытындымызды шығарамыз. Бұл жерде бізге Үкіметтің дәл осындай балама есебі де келіп түскенін айта кеткен жөн. Ертең палатада оның тұсаукесері өтеді. Ал біз осы екі есепті салыстыра отырып, өз байламымызды жасауға тиіспіз. Есеп комитетінің дұрыс есептеген-есептемегендігін, Үкіметтің қандай кемшілік жібергендігін атап көрсетеміз.

Бұл құжаттарды біз қолымызға жаңа ғана алдық қой. Бірақ соның өзінде бірқатар жөнсіздіктерді байқап үлгердік. Мысалға, ел қаржысының 151 миллиард теңгесі әжетке жаратылмай қалған. 18 миллиард теңгеге жуық қыруар қаржы талан-таражға салынған. Осындай үлкен-үлкен жөнсіздіктер бар. 2005 жылдағыдан 2006 жылы жұмсалмай қалған қаржы пайыздап емес, еселеп өскен. Ол ақша екі жылда да текке жатты ғой. Дұрыстап жұмсау керек еді.

– Жақында Үкімет Парламентке биылғы бюджетті қайта қарау туралы ұсыныс білдірмек. Қолымызда бар ақпаратқа сүйенсек, «Бюджет-2007»-нің шығыс бөлігі 202,6 миллиард тенге е ұлғайтылмақ. Осылайша, бюджеттің шығыны 2 триллион 359,2 миллиард теңгеге жетеді. Ол ол ма, дефицит те 126 млрд теңгеге өсіріліп, 271,2 млрд-ты құрамақ. Бізді бұл сандар шы-



рата танып, әрқайсысын тиісті түрғыдан бағаламайынша, алаңсыз алға басу туралы мұрат ола бермейді. Біз осыны ұғына білдік. Еліміз саяси парасаттылық танытты. Білесіз бе, билік бөлісі, ауқымды құзыреттердің біреуден біреуге көшуі дегеннің көптеген қиыншылығы бар. Осы орайда, дағдарысқа маңдай соқпай, бұл өткелден қалай аман өтуге болатындығы жөнінде Қазақстан өзгелерге тағы да өнеге көрсетті, үлгі болды.

Ұлтының болашағы, тәуелсіздігінің тағдыры өзінің тірлігіне байланысты болатынын қазақ біледі. Сол себепті де қиналған кездің өзінде қабақ шытқанымен, әбес әрекетке барғап жоқ, сыртқы қуатты елдерді араластырмай-ақ, өз мәселесін өзі шешті. Өлшемей тон пішіп үйренген кейбір «қайраткерлер» ойлайтындай, қоғамды саяси жағынан жаңарту бірер жылдың үлесіндегі шаруа емес, сондықтан бұл мәселені 2004 жылдан бері жан-жақты ойластырып, осы мен терісін ақыл таразысына тең тарттық. Бұл біздің қоғамымыздың саяси санасының жетілгендігін көрсетті. Ел басшылығы да, оны қолдаған халық та заманның демократиялық үрдістерін және қайда бет алу қажеттігін жақсы түсінеді. Бұған ешкім енді шүбә келтіре алмаса керек.

Меніңше, Елбасы ұсынған конституциялық реформа Қазақстан халқының саяси есейгендігінің және біздің қоғамымыздың модернизацияның сапалық жаңа белесіне көтерілгендігінің айқын көрінісі болып табылады. Және әлемдік озық дамыған 50 елдің қатарына қосылуға дайын екендігімізді паш етеді.

**– Осы конституциялық өзгерістердің артынан Парламентке ауқымды заңжобалар пакеті әкелінбек. Олардың барлығын жыл соңына дейін қабылдап үлгересіздер ме? Жазғы каникулсыз жұмыс жасайтын шығарсыздар?**

– Үлгереміз. Өйткені конституциялық өзгерістер де, оның сонынан қабылдануға тиісті конституциялық заңдар да кенеттен туган дүниелер емес қой. Бұл заңжобалар Ата Заңымызға енгізілген түзетулердің жүзеге асу тетіктерін анықтайды. Сондықтан олардың қиыншылығы аса көп болмауға тиіс. Біз ол заңдардың барлығын тездетіп қабылдауымыз керек. Өйткені қоғам күтп отыр. Демалыс туралы қазір әңгіме жоқ...

**– Бұрын Үкімет басшысының кандидатурасына қос палата келісім беретін. Енді жаңарған Ата Заңымызға сәйкес, осы миссия-өкілеттілік Мәжілістің мойнына жүктелін отыр. Бұған қоса, Елбасы сіздерге тағайындалған орнына лайықсыз министрлерге сенімсіздік білдіру шарасын да оңайлатып берді, бұл инараны бұдан былай сіздер «билікті дауыспен» емес, басым дауыспен-ақ жүзеге асыра аласыздар. Осыдан кейін Парламент «қалталы» атағынан құтылып, азулы болады деп ойлайсыз ба?**

– Есіңізде болса, бұдан былай Мәжіліс партиялық тізіммен қалыптасады. Сондықтан сайлау додасында партиялардың қайсысының бағдарламасы дауыс беруші халыққа өтімді әрі ұнамды болса, сол Мәжілістегі көпшілік орынға қол жеткізбек.

мүмкіндік оеру керек. Жыл өтсін. Егер сынан қорытынды шықпаса, расында, шындап сұрауға болады. Біз оларға бұны ашық айтамыз...

**– Жергілікті өзін-өзі басқарудың жылдарға созылған жыры қалай аяқталды, өзі? Бұған дейін ұлттығы бар, мемлекеттігі бар, демократияландыру бойынша жұмыс жүргізген комиссиялар ауылдық-аудандық деңгейде жоғарыдан тағайындалатын әкімге қоса, жергілікті халық сайлайтын «төре» немесе «кеңес» деген лауазым орнын өмірге енгізуді ұсынғаны есте. Бұл енді қалай шешілмек?**

– Жақын күндері Парламентке осы жайында арнайы заңжоба әкелінеді, сонда бәрі нақты айқындалмақ. Қалай болғанда, «төре» дегенді біз қолдамаймыз, төре, патшалардың заманы баяғыда өткен. Басқа демократиялық елдерде бұндай ұғымдар жоқ, ал біз солардың қатарына қосылуға талпынып жатқан жоқпыз ба?! Бұл жерде «төраға» деген жақсы атау бар. Біз соны қолдап, әр жерде қолданып жүрміз.

Мен әкімге тағы бір басшыны қосақтауға да қарсымын. Бір қазанның құлағын екі басшыға ұстатудан оңды нәрсе шықпайды. Ол туралы ата-бабамыз жақсы айтқан. Бір-бірімен пікір таластырып, жергілікті жердің шаруасын шешпей, орта жолда қалдыруы мүмкін. Қазір мысалға, Ата Заңымызда бекітілген жергілікті өзін-өзі басқару миссиясын да, мемлекеттік басқару ісін де жалғыз әкім қатар алып жүр. Бұл бағыт дұрыс. Мен бір басшы осы екі міндеттің де ара қатынасын бірдей ұстап, тізгінді тең тартып отыруы қажет дегенді қолдаймын. Тек оның жоғарғы басшылықпен қоса, жергілікті жұртшылықтың да қолдауын алуын қарастыру керек. Мұның тетігін заң бойынша келтіруге болады. Ең бастысы – жергілікті пікірмен санасу. Сырттан таңбай, сол жердің қолынан іс келетін, билікті азаматын таңдап ұсыну қажет. Сосын ол елді мекеннің бюджеті бір болуы керек, ол бір қолда тұрғаны жөн. Бірақ оның жұмсалуды жергілікті жұртшылықтың жіті назарында болуға тиіс.

**– Бюджетті бақылау демекші, Парламенттің жылдар бойғы басты аңсары да осы болмады ма? «Өзіміз қабылдаған ел бюджетінің қайда жұмсалып жатқандығын өзіміз бақылауға тиіспіз» деген сөздер талай тасқа басылып, теледидардан талай таратылды. Енді елде түбегейлі саяси жаңарулар жүзеге асқанда бұл мәселе шешімін тапты ма?**

– Есеп комитеті құрамының үштен екісін енді Парламент қалыптастыратынын білесіз. Демек, Парламент атынан бюджетті бақылап отыратын арнайы ұжым – осы Есеп комитеті болмақ. Бұдан былай біз бұл органға ел қаржысын Үкіметтің қайда жұмсап жатқанын табанды тексере алатын азаматтарды, мамандарды тағайындауға мүмкіндік алдық. Олар енді Парламент алдында есепті. Яғни бюджетті әр депутат жеке-жеке бақыламайды, біздің атымыздан бұл құзырды өз ортамыздан шығарған арнайы ұжым – Есеп комитеті жүзеге асырмақ.

**– Жақында Үкімет Парламентке онылығы бюджетті қайта қарау туралы ұсыныс білдірмек. Қолымызда бар ақпаратқа сүйенсек, «Бюджет-2007»-нің шығыс бөлігі 202,6 миллиард теңгеге ұлғайтылмақ. Осылайша, бюджеттің шығыны 2 триллион 359,2 миллиард теңгеге жетеді. Ол ол ма, дефицит те 126 млрд теңгеге өсіріліп, 271,2 млрд-ты құрамақ. Бізді бұл сандар шынмен таңғалдырады. Қазақстандық бюджеттің дефицитінің «мұнайлық дефицит» емес екендігі анық. Өйткені «қара алтыннан» түсетін қаржы ағыны былтырғы жылдың бел ортасынан бастап бюджетке соқпай, тікелей Ұлттық қорға қарай арқырап ағуда. Онда тосыннан осынша ағыл-тегіл қаржы қайдан шығып отыр?**

– Бұл – әлгінде айтылған 151 млрд игерілмей қалған қаржы. Енді оған кіріс пен шығыс арасындағы айырмашылықтан пайда болған 54,7 миллиард теңге қосылған. Осы соңғы сан – Үкіметтің жоспарлағанда қатысып кеткеннен туған дүние. Жақында бұлардың бәрін республикалық бюджеттік комиссия қарап, бөліске салады. Сонда қабылданған шешімді 2007 жылдың бюджетіне өзгерістер түрінде бізге ұсынбақ. Осы жерде біздің Үкімет алдында қойып отырған бір мәселеміз бар. Елбасы үш жылдың ішінде жүз мектеп пен жүз емхана салу туралы міндет жүктегенін білесіз, ал біз айтамыз Үкіметке: осыны орындау барысында 2008-2009 жылдардың жоспарына кірген мектептер мен емханалар да назардан тыс қалмауы керек. Олар тегісімен бұрын жоспарлағанымыздай салынуға тиіс. Сосын іргесі қаланғанымен, құрылысы жылдан-жылға көшіп, құны қымбаттап келе жатқан мектептер мен емханалар бар. Олар 36 миллиард қосымша қаржыны қажет етеді. Міне, осылардың барлығын ескеру жөнінде Парламент Мәжілісінің қос комитеті – Әлеуметтік-мәдени даму және біздің Қаржы және бюджет комитеті бірігіп, Үкімет алдына талап қойды. Екі комитет арнайы отырыс өткізіп, осындай ортақ шешім қабылдадық та, Үкімет басшысына бердік. Өйткеннен алдын ала бізге берген жауабында олар «біз сіздердің пікірлеріңізбен санасамыз, осыны орындаймыз» деді. Ертең есеппен келгенде қадағалаймыз. Қалай және қанша көлемде орындамақ, оны сонда көре жатамыз.

**– Бюджетаралық қатынастар – халық қалаулылары жиі көтеретін күрделі мәселелердің бірі. Қазір Үкіметте келер жыл бюджеті жобасының әзірленуіне орай облыс әкімдерін тыңдау шарасы жүруде. Бір әкімдердің ел бюджетінен өз аймағына ылан-ойран трансферт бөлгізуге қол жеткізін, бөркін аспанға ата қуанатын, ал бір әкімдердің керісінше, сөзі өтпей, қапаланатын кезі – осы. Тіпті бұл бөлесте қолына көп игілік ілікпесе, жергілікті билік басшыларына ертең Парламенттегі талқылау барысында өз депутаттары арқылы қимылдауға мүмкіндік бар. Осы орайда болашақта егер Мәжіліс толығымен тек партиялық тізіммен сайланса, өз өкілсіз қалған әкімнің үні орталыққа жетпей қалмай ма?**

– Жоқ. Өйткені мемлекеттік басқару жүйесінің өзінің шартты тетіктері бар.



Өңірді – әкім, сала мен министрлікті – министр басқарады, әрқайсысының өзінің жауап беретін жеке-жеке саласы бар. Ал депутаттар өз өңірдің не белгілі бір кәсіпорынның мүддесі үшін лобби жүргізбеуі керек, ол қай өңірден сайланса да, қандай партиядан ұсынылса да тек мемлекет пен халықтың мүддесін ғана қорғауы қажет. Ол ұдайы ұлттың, халықтың мұң-мұқтажын назарда ұстап, соған лайық қарым-қимыл танытуға тиіс. Өрі-беріден соң мажоритарлық жүйемен, өз округіндегі жекпе-жек додада мандат алған депутаттар әкімнің жеке өкілі, жіберген адамы емес.

Еліміздің пропорционалды жүйеге көшуі депутаттардың бетін, назарын енді мемлекеттік деңгейдегі бағдарламаларға аударады. Бірақ өңірдің де мүддесі тыс қалмайды. Өйткені біз өңірлерімізді дамыта отырып, халықтың өмірін жаппай жақсартуға, сөйтіп, әлемдік озық дамыған 50 елдің қатарына қосылуға бағыт алдық. Оның үстіне, тіпті партиялық тізіммен сайланған әр депутаттың да кіндік қаны тамған, бал балалық шағы өткен жері бар, сол жұртының да мұң-зары оны толғандырса керек.

**– Үлкен додаға түсін, қоғамның барлық бөлігінің пікірі ескерілетін Мәжіліс қалыптастыруға саяси партиялар дайын ба? Елдегі партиялық құрылыс тиісті деңгейге жетті деп ойлайсыз ба?**

– Мен «Нұр Отан» партиясының мүшесі ретінде бір нәрсені еш күмілжімей, анық айта аламын: біздің партия мұндай миссияны өз мойнына алуға дайын. Бірақ дәл осы сауалды басқа партияларға қойсаңыз, олар да әзірлігін мәлімдері сөзсіз. Қазақстандық басқа партиялар да Елбасы конституциялық реформаны жария еткеннен кейін үлкен әзірлікке кірісті.

Дайындық деген не? Ол – сенің бағдарламаң, яғни халыққа, елге, мемлекетке не істейсің деген сауалға нақты жауап таба алуын. Сенің қадамыңның экономикалық тиімділігі қандай болады? Бұқара халықтың тұрмыс қиындығын қалай шешесің? Ол шешімді қандай тетіктермен жүзеге асырмақсың? Алдына қандай биік мұрат қойдың? Егер осы сауалдарға ел көңілінен шығар жауап таба алсан және сауатты да ойға қонымды ұсыныстар жасасаң, міне, үлкен дайындығы бар партия – сол. Ал бос байбалам, құр айқаймен күн өткізу, орын бермейді, төрге шығармайды деп ойбайлау дайындыққа жатпайды. Демек, ендігі партиялардың ең үлкен ойласатын шаруасы – сөзімен де, ісімен де ел көңілінен шығу. Бұдан былай жеке бастың емес, бағдарламалардың сайысы басталады.

Білесіз бе, тәуелсіздігімізді баянды етерлік мүмкіншіліктің бәрі бізде бар. Еліміз – байтақ, жеріміз – бай, халқымыз – іргелі.

Еліміз бірауызды да тұтас болса, біз еңсермейтін асу жоқ.

**– Бұл конституциялық реформа ел өміріне тағдырлы өзгерістер әкеледі деген байламмен келісесіз бе?**

– Бұл конституциялық реформа – елімізді одан әрі демократияландыру жолындағы маңызды тарихи қадам болғалы тұр. Оның тек саяси дамуымызға ғана емес, еліміздің экономикалық, жаңаруы мен жаңғыруына да үлкен серпін беретіндігіне күмәнім жоқ. Жаңарған Ата Заңымызбен біз ұзақ жылдар алға қойған үлкен мақсаттарды орындауға кірісеміз. Қазақ елі әлемдік озық дамыған елуліктің қатарынан табылу туралы ұлы мұрат белгіледі. Ендеше, бірізді, жүйелі демократиялық жаңаруларды жүзеге асыру мен елімізді саяси модернизациялау – бұл тек демократиялық қауымдастықта қабылданған қалыптарға сәйкес келуге деген тілек қана емес, өмір талабы болса керек.

Осы конституциялық өзгерістер арқасында Парламенттің мәртебе-маңызының артатындығы сонша, елімізде мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі – президенттік-парламенттік билік орнайды. Мемлекетіміздегі биліктің үш тармағының ішінде күні бүгінге дейін атқарушы тармағы басынқы болып келгені құпия емес. Жаңа конституциялық реформа осы ауытқуды түзетті. Жаңа құзыреттермен бірге Парламент енді атқарушы билікті бақылаудың нақты тетіктеріне қол жеткізеді: біз Үкімет құрамын қалыптастыруға қатысамыз, қажет етілсе, өз міндетін ықылассыз орындаған, өз ісіне салғырт қараған министрді қызметінен кетіреміз. Осылайша, заң шығарушы орган тек елдегі жаңарулардың нормативтік негізі ғана қалап қоймай, еліміздің әлеуметтік-экономикалық саясатын өзірлеуге белсенді ат салысып, мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуын қырағы бақылаумен қамтамасыз етпек. Парламент үшін дәл осындай өкілеттіліктерді бізге дейін де талай депутаттық корпус сұрап келді. Ақыр соңында осынау өмірлік маңызды парламенттік-қоғамдық талап орындалып отыр. Осылайша, мән-маңызы, мәртебесі, халық алдындағы жауапкершілігі және мүмкіндігі бойынша біз әлемдегі озық дамыған елдердегі әріптестерімізбен иық теңестіргелі тұрмыз. Ал біздер, депутаттар – халықтың өкілдеріміз. Демек, депутаттардың, Парламенттің құзырет-қарымының өсуі – халық билігінің күшеюі! Ендеше, билік халыққа жақындады деп сеніммен айта аламыз. Бұл елімізде өтіп жатқан түбегейлі демократиялық үрдістердің айқын дәлелі болса керек.